

Маңғыстау облысы бойынша 2023 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы

Маңғыстау облыстық мәслихатының 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 5/47 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 3 қазанда № 4605-12 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Су Кодексінің 38 бабының 5)-тармақшасына сәйкес Маңғыстау облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Маңғыстау облысы бойынша 2023 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары бекітілсін.

2. "Маңғыстау облыстық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Маңғыстау облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Маңғыстау облыстық мәслихатының төрағасы

Ж.Матаев

Маңғыстау облыстық мәслихатының
2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 5/47
шешіміне қосымша

Маңғыстау облысы бойынша 2023 жылға арналған жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары

№	Арнаулы су пайдалану түрлері	Өлшем бірлігі	Мөлшерлемелер (теңге)
1	2	3	4
1	Тұрғын-үй пайдалану және коммуналдық қызметтер	1000 текше метр	61,82
2	Өнеркәсіп жылу энергетикасын қоса есептегенде	1000 текше метр	285,51
3	Ауыл шаруашылығы	1000 текше метр	80,39
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын тоған шаруашылықтары	1000 текше метр	77,62
5	Су көлігі	1000 текше метр	42,19

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК